

**"ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі" КМКК**  
**2024-2025 оқу жылына арналған**  
**кураторлар кеңесінің жұмысы туралы**  
**Есебі**

2024-2025 оқу жылында колледждің тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бірыңғай бағдарламасының негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылып, құрылды. Жаңартылған бағдарлама жоспарына сәйкес тәрбие жұмысының жоспары жасалды.

Колледждің оқу-тәрбие үдерісі жағдайында студенттердің құндылықтарын дамыту жүйелі түрде жүргізілді. 2024-2025 оқу жылында студенттердің белсенділігі мен ынтасын арттыру мақсатында түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды: рейдтік кезекшілік, мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер; түрлі ұлттық ойындар, интеллектуалдық сайыстар; флешмобтарға, челленджерге және онлайн бейне байқауларына қатысу; пікірталас клубының белсенді жұмыстары өтеді. Өз кезегінде колледждің оқытушылар құрамы үшін «Біртұтас тәрбие» бірыңғай бағдарламасының 6 құндылығын кеңінен насихаттау және ұтымды қолдану мақсатында, топ кураторларымен кураторлар кеңесі өткізілді. Ұсыныстарға сәйкес оқу үдерісін жоспарлау әр айдың тақырыптық бағыттары бойынша жүргізілді: қыркүйек – қажырлы еңбек пен кәсіби шеберлік айы; қазан – Тәуелсіздік пен отансүйгіштік айы; қараша – әділдік пен жауапкершілік айы; желтоқсан – бірлік пен ынтымақтастық айы, қаңтар – «Құқықтық тәртіп», ақпан – «жасау және жаңашылдық», наурыз – «Тәуелсіздік және патриоттық», сәуір – «Еңбек пен кәсіп», мамыр – «Бірлік пен ынтымақ». Оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың бойында құндылықтарды қалыптастыру бойынша кешенді жұмыстар күнделікті және апта сайын жүргізілетін шараларды қамтыды.

Жоспарға сәйкес ай сайын кураторлар кеңесі құрылып, үлгерімі төмен студенттер мен олардың сабаққа қатысуы туралы мәселе талқыланды. Қыркүйек айында колледж қабырғасында кураторлар кеңесі өтіп, топ кураторларын және 1 курсты таныстыру өткізілді. Студенттер туралы жаңа деректер жинақталды. Барлық студенттерге сабаққа кешігіп келу және сабаққа уақытымен келу жайында ескертіліп, колледж аумағындағы тәртіп пен қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды, тәртіпті қадағалауға тартылды және колледж қабырғасында әдепсіз әрекеттердің алдын алу бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылының соңында оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, жалпы колледждің оқу-тәрбие жұмысына студенттердің де, ата-аналардың да көңілі толғандығы байқалды.

Сондай-ақ тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша кураторлардың рейтингі қорытындыланды.

Колледждің оқу бөлімінің 2024-25 жылдарға қойған бірінші кезектегі міндеттері шешілді. Колледж студенттеріне кәсіптік білім беру жұмысының 2025 жылға жалпы мақсаты орындалды.

КК төрайымы:  Ченемесова Ж.Е.